




Алматының алмасы

by Karakat Ergali



Алмас Алматыдағы үйде тұратын кішкентай бала еді. Ол өте қызыққұмар және барлық нәрсені білгісі келетін. Бір күні әжесі оған Алматы қаласының тарихы туралы әңгімелеп берді.



Алмас әжесінің әңгімесін тыңдап,
Алматының табиғатының керемет екенін
білді. Әжесі оған алма туралы айтып берді,
себебі Алматы алманың отаны саналады.



Келесі күні Алмас атасымен Көк-Төбеге барды. Олар тауға көтеріліп, қаланың әсем көрінісін тамашалады. Алмас таудың таза ауасынан терең тыныс алып, қуанды.



Содан кейін Алмас пен атасы Медеу мұз айдынына барды. Алмас коньки теуіп, мұз үстінде сырғанады. Ол өзін батыл сезініп, жаңа тәжірибе алды.



Алмас Шымбұлақ тау шаңғысы кешенінде тау шаңғысымен сырғанады. Ол биіктен төмен сырғанағанда қатты қуанып, өзін еркін сезінді. Алмас табиғатпен тағы да жақындасты.



Саяхаттан кейін Алмас Алматыны жақсы көретінін түсінді. Ол қаланың тарихын, табиғатын және мәдениетін құрметтеді. Алмас Алматының алмасы болғысы келді.